ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2008 ж. "16" 07 өткізілді
№ 93168-1910-АҚ куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
16 07 2008 г.
свидетельство № 93168-1910-АО
БСН/БИН 080740009161

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 337 БҰЙРЫҒЫ
2019 ж. 23 01
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 337
23 01 2019 г.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің
Аэроғарыш комитетінің
2018 жылғы «25» желтоқсандағы
№ 80/НҚ бұйрығымен
бекітілген

«Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Астана қ.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Жарғы «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, өкілеттіктерін және қызметінің негізгі қағидаттарын белгілейді.

2-тарау. Атауы және орналасқан жері

3. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы

орыс тілінде: Акционерное общество «Национальный центр космических исследований и технологий»

ағылшын тілінде: Joint stock company «National Centre for Space Research and Technology»

Қоғамның қысқартылған атауы:

қазақ тілінде: «ҰҒЗТО» АҚ
орыс тілінде: АО «НЦКИТ»
ағылшын тілінде: JSC «NCSRT»

4. Атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы 050010, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 15

3-тарау. Қоғамның құқықтық мәртебесі

5. Қоғам «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің «Астрофизикалық зерттеулер орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес кәсіпорындарын қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 қаңтардағы №38 қаулысына сәйкес Қоғамның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылды.

6. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

7. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысына сәйкес Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтары Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш министрлігінің Аэроғарыш комитетімен (Жалғыз акционер) жүзеге асырылады.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, оларға өзінің меншікті мүліктерінің есебінен негізгі және айналым қаражаттарын үлестіріп беруге құқылы.

Филиалдар мен өкілдіктер өз қызметтерін оларға Қоғам берген құқықтар шегінде және Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен олар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік құпиялар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен жұмыс жөніндегі ішкі қызметті қалыптастыруға құқылы.

10. Қоғам дербес теңгерімі бар, өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар, банктік шоттар ашу құқығына, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру, міндеттемелер алу, сотта талапкер және жауапкер болу құқығына ие.

11. Қоғам өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өз мүлкі шегінде жауап береді.

12. Қоғамның Жалғыз акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

13. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

14. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық, қаржылық және шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

15. Қоғамның дөңгелек мөрі, мөртабаны, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған эмблемасы, фирмалық бланкілері және басқа деректемелері бар.

16. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді.

4-тарау. Қоғамның мақсаттары және қызметінің мәні

17. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты ғарыштық зерттеулер мен технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

18. Қоғам мынандай қызметтерді атқарады:

1) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеудегі Қоғамның ғылыми ұйымдарының ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтерін үйлестіру және жүргізу, соның ішінде:

- ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары мен жоспарларын қалыптастыру; ғылыми ұйымдар орындаған аяқталған ғылыми зерттеулерді қабылдау, және оларды Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш министрлігінің Аэроғарыш комитетіне (әр қарай – Комитет) ұсыну;
- ғылыми ұйымдарының ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің жылдық есебін тыңдап, соның негізінде Комитетке қорытындылар мен ұсыныстар енгізу;

2) өзге де ғылыми бағыттағы ғылыми ұйымдармен зерттеу қызметін үйлестіру, пәнаралық бағдарламаларды қалыптастыру;

3) Жерүсті және жер серіктеріне негізделген ғарыш инфрақұрылымының технологиялық дамуын, радиоэлектрондық және байланыс, материалтану, ғарыш биологиясы мен медицина, ғарыш ауа райы мониторингі мен болжауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, қашықтықтан болжау, табиғи-аумақтық, экожүйе мен табиғи-техногенді процестерді геоақпараттық модельдеу;

4) әртүрлі бағыттағы ғарыш құралдарын, ғарыш байланыс жүйесін, навигация, байланыс және қашықтықтан барлау құралдарын әзірлеу және (немесе) дамыту, әзірлеу және (немесе) пайдалануға қатысу;

- экологиялық сараптаманы және паспорттауды қоса алғанда әртүрлі бағыттағы зымыран-ғарыштық кешендердің пайдалануындағы экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша зерттеулер мен жұмыстарды орындау;
- ғарыштық зерттеулер және ғарыштық жүйені әзірлеу бойынша қолданыстағы және болашақ жобалардың ғылыми-техникалық сараптамасы;

5) ғарыштық зерттеулер саласында іргелі және қолданбалы жұмыстарды өткізу, бүгінгі күнгі ғарыштық технологиялардың ғылыми негіздерін құру және оларды Қазақстан экономикасының әртүрлі салаларында пайдалану:

- аэроғарыштық қашықтықтан барлау әдістері арқылы атмосфераны және төселмелі үстінгі қабатты зерттеу және аумақтық жүйелер мониторингі мен ауа райын болжауды құру мақсатында бейнелерді тану;
- экология, ауыл шаруашылығы, геология, картография, жерді пайдалану, су шаруашылығы және басқа да аумақтық нысандар мен құбылыстар саласында қолданбалы міндеттерді шешу үшін ғарыш мониторингі мен қашықтықтан барлау технологияларын қолдану;
- аэроғарыштық түсірім әдістерін әзірлеу және пайдалану және олардың негізінде географиялық ақпараттық жүйелерді құру;

- ғарыштан қашықтықтан барлау деректерін қабылдау, өңдеу, тарату, эквивалентті алмастыру және сату;

6) берілген құрылым мен жаңа құрылымдық сипаттағы материалдарды жасау бойынша міндеттерді шешу үшін ғарыштық материалтану, металлофизика, серпімділік физикасы мен термикалық өңдеу салаларындағы зерттеулер;

7) мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстарды дамыту және жерүсті мен жер серігіне орналасқан ғарыш инфрақұрылымының технологиялық дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету; жерүсті мен жер серігіне орналасқан ғарыш инфрақұрылымы саласында жобалау, жобалау-технологиялық және конструкторлық жұмыстарды орындау, радиоэлектроника және байланыс, материалтану, биология және медицина, ғарыш ауа райы мониторинг және болжауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, қашықтықтан болжау, табиғи-аумақтық, экожүйе мен табиғи-техногенді процестердің геоақпараттық модельдеу салаларында ұсыныстар әзірлеу;

8) жерүсті мен жер серігіне орналасқан ғарыш инфрақұрылымының технологиялық дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету; жерүсті мен жер серігіне орналасқан ғарыш инфрақұрылымы саласында жобалау, жобалау-технологиялық және конструкторлық жұмыстарды орындау, радиоэлектроника және байланыс, материалтану, биология және медицина, ғарыш ауа райы мониторинг және болжауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, қашықтықтан болжау, табиғи-аумақтық, экожүйе мен табиғи-техногенді процестердің геоақпараттық модельдеу салаларында жаңа ғарыш технологияларын өнеркәсіпті игеруге қатысу;

9) ғарыштық инфрақұрылымның қызметін ғылыми-әдістемелік және нормативті-техникалық қамтамасыз етуді әзірлеуге қатысу;

10) ғарыш саласы, навигациялы және медициналық жабдықтар және өнеркәсіптің басқа да салалары үшін құралдар мен жабдықтарды құру бойынша тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға қатысу;

11) жерүсті мен жер серігі базасының ғарыштық инфрақұрылымы, радиоэлетроника және байланыс, материалтану, биология және медицина, ғарыш ауа райын болжау мен мониторингі, қашықтықтан барлау және табиғи-техногенді процестердің мониторингі, табиғи-территориалды кешендерді геоақпараттық, экожуйе ээне табиғи-техногенді процесстерді модельдеу шеңберінде технологиялар, құралдар мен жабдықтар бойынша деректер банкін қалыптастыру;

12) шетел мемлекеттерінің ұйымдарымен мемлекетаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша ғарыштық технологиялар, радиоэлектрониканың жаңа технологиялары, материалтану, ғарыш биологиясы және медицина, ғарыш ауа райын болжау мен мониторингі, қашықтықтан барлау, табиғи-территориалды кешендердің геоақпараттық, экожүйелер және табиғи-техногенді процесстерді модельдеу салаларында өз құзіретінің шегінде өзара байланыс орнату;

13) Қоғамның сынақ-эксперименттік, өндірістік және әлеуметтік салаларының дамуы және қызмет етуін қамтамасыз ету;

14) ғарышты және ғарыштық технологияны пайдаланатын кәсіпорындар мен нысандарда экологиялық және техникалық қауіпсіздік бойынша нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеуге қатысу;

15) ғарышты және ғарыштық технологияны пайдаланатын кәсіпорындар мен объектілерде стандарттау, ақпараттандыру, автоматтандыру, сертификаттау және сервистік қызмет көрсету бойынша ғылыми қамтамасыз ету жұмыстарына қатысу;

16) ғарыштық инфрақұрылым, радиоэлектроника және байланыс, материалтану, ғарыштық биология және медицина, ғарыш ауа райын болжау және мониторингі, қашықтықтан барлау, табиғи-аумақтық кешендердің геоақпараттық модельдеу, экожүйелер және табиғи-техногенді процесстер салаларында жаңа құралдар мен құрылғыларды дамыту, дайындау және тапсыру бойынша мердігерлі жұмыстарды орындауға қатысу;

17) зерттеулерді ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету үшін жағдайлар құру, ғылыми-интеллектуалды меншікті қорғауды қамтамасыз ету, бірге істеген жобаларды іске асыру, тағылымнамалар, симпозиумдар және семинарлар, көрмелерді өткізу арқылы ғылыми ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін ғылыми ұйымдармен, меншіктің әртүрлі формалы кәсіпорындармен тікелей байланыс құру;

18) ғылым және ғарыш технологиялары жетістіктерін насихаттауды жүзеге асыру; халықаралық және республикалық съездерді, сессияларды, конференцияларды, семинарларды, кеңестерді, көрмелерді ұйымдастыру және өткізуге қатысу, ғылыми журналдарды, еңбектерді басып шығаруды жүзеге асыру.

5-тарау. Қоғамның жарғылық капиталы

19. Қоғамның жарғылық капиталы жалғыз құрылтайшы акцияларға атаулы құны бойынша және инвесторлар, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес белгіленетін орналастыру бағалары бойынша төлеу арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен белгіленеді.

Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту Жалғыз акционердің немесе соттың шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

6-тарау. Қоғамның бағалы қағаздары

20. Қоғам жай акцияларды құжатсыз нысанда шығарады.

Қоғамның жарияланған акцияларын шығару, төлеу, орналастыру, сату және сатып алу Қазақстан Республикасының заннамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Қоғам жарияланған акциялардың шығарылуын мемлекеттік тіркеу үшін оның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күнінен немесе Жалғыз акционер жарияланған акциялар санын көбейту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде құжаттарды табыс етуге міндетті.

22. Қоғамның акциялар ұстаушыларының тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарына сәйкес жасалған шарт негізінде тіркеуші жүзеге асырады.

23. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа енгізу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

7-тарау. Қоғамның органдары

24. Қоғамның органдары:

Жоғары орган –Жалғыз акционері;

басқару органы –Директорлар кеңесі;

атқарушы орган –Басқарма;

қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

8-тарау. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

25. Қоғамның Жалғыз акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер белгілеген немесе осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тіркеушіден оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және дәлелді жауаптар алуға;

7) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

8) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне құқығы бар.

26. Жалғыз акционердің осы Жарғының 25-тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

27. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) тіркеушіге Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

28. Акционердің осы Жарғының 27-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдарына Қоғам мен тіркеуші жауапты болмайды.

9-тарау. Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыреті

29. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мына мәселелер кіреді:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;

5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындық өтемақыларды төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

7) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау;

8) Қоғам басқармасы мүшелерінің құрамына кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізу;

9) Қоғам Басқармасының төрағасын сайлау, оның өкілеттіктерінің мерзімдерін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол болмаған уақытқа (еңбек шартын бұзу, лауазымнан босату, уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңі, 90 күнтізбелік күннен артық еңбек демалысы) уақытша міндеттерін атқарушыны тағайындау;

10) лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын (оның ішінде өтемақы төлемдерінің мөлшерін), сыйлықақылар мен әлеуметтік қолдауды, сондай-ақ Қоғам Басқармасының Төрағасы үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту;

11) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте Қоғамның Басқарма Төрағасын тәртіптік жауапкершілікке тарту;

12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

13) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

14) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларын құру немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша нәтижесінде қоғамның мәміле жасау туралы шешімі қабылданған күнгі акционерлік қоғамның активтерінің баланстық құнының елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаруға (алуға немесе иеліктен шығаруға құқылы) соның (солардың) нәтижесінде) оның активтерінің баланстық құнының елу және одан да көп пайызын сатып алған немесе иеліктен шығарылған (сатып алуға немесе иеліктен шығаруға болатын) қоғамның ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдауы;

17) Заңға сәйкес Қоғамның оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер ол құрылтайшымен бекітілмеген болса);

18) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау;

19) «алтын акцияны» енгізу және жою;

20) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

21) басқа түрдегі акцияларға бір түрдегі орналастырылған акцияларды айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

22) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын:

а. қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

б. жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

в. жылдық қаржы есептілігін бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;

г. қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

д. директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

е. «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

ж. қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою мәселелерін қоспағанда, акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылатын басқа да мәселелер, шешімдер қабылдау.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

31. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесі

32. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

33. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) Қоғамның акцияларын орналастыру, оларды жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырудың әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның Жалғыз акционерінің ұсынысы бойынша - Қоғам Басқармасы төрағасының орынбасарларын және Басқармасының басқа мүшелерін сайлау, тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қоғам Басқармасының мүшелеріне лауазымдық жалақылар мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

8) Қоғам Басқармасы Төрағасының орынбасарларын, басқа мүшелерін және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапкершілікке тарту;

9) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің тәртібін айқындау, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы мөлшері мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

10) қызметкерлердің жалпы санын, ұйымдық құрылымын бекіту;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың құрамын анықтау, олар туралы ережелерді бекіту, Директорлар кеңесінің комитеттер мүшелерін сайлау;

12) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтері үшін ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акциялары үшін төленетін немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушыны анықтау;

13) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

16) акцияларының он немесе одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) ірі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау, соның нәтижесінде компанияның құндылығы компанияның активтері мен мәмілелерінің баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару (сатып алу немесе иелену) ірі мәмілелерді қоспағанда, қорытынды жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды;

19) заңнамамен қорғалатын Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге құпиясы болып табылатын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Қоғамның Даму жоспарын 5 жылға бекіту және оны жүзеге асыру туралы есебін бекіту;

21) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау;

22) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

23) Басқарма төрағасының орынбасарларына, Басқарманың өзге мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, корпоративтік хатшының Қоғамның аталған тұлғалары әзірлеген қызметінің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты көрсеткіштерін бекіту;

24) Қоғамның есеп саясатын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

25) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігінің көрсеткіштерін және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жыл сайынғы бағалауды, Қоғамның Жалғыз акционерін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабардар ету;

26) Қоғам Басқармасының мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеу және лауазымдарды атқару мүмкіндігін беру туралы келісім беруге қатысты шешім қабылдау;

27) Заңмен және Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

34. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешім қабылдау үшін берілмейді.

35. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне кіретін, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

11-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы

36. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады:

1) акционердің мүдделерін білдіретін өкілдер ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылатын (ұсынылған) адамдар;

2) басқа тұлғалар (осы Жарғының 37-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып). Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

37. Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына сайлана алмайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданғанға дейін басқа заңды тұлғаның бір жылдан артық емес мерзімге Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар. Бұл талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны сақтау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

38. Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма мүшелері, оның Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

39. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Қоғамдағы Директорлар кеңесіне маңызды мәселелерді қарау және ұсыныстар дайындау үшін Директорлар кеңесі комитеттері құрылады. Комитеттер мынадай мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау, Директорлар Кеңесінің жекелеген комитеті қараған ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар Кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Комитетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарауды қамтитын Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғам Басқармасының төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжатпен белгіленеді.

12-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы

41. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

42. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

43. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

13-тарау. Директорлар кеңесі отырысын шақыру

44. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе президенттің бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
2) ішкі аудит қызметінің;
3) Жалғыз акционердің:
4) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

45. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Басқарма төрағасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма төрағасын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

46. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

47. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

48. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқарма төрағасына алдын ала хабарлауға міндетті.

14-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы

49. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің кем дегенде жартысын құрайды және қаралатын мәселелердің талқылануына және дауыс беруіне қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің санымен, техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция, телефон конференциясы байланысы және т.б.) пайдалана отырып немесе олардың жазбаша түрде көрсетілген дауыстары болуымен белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда айқындалған кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды ұсынуға міндетті.

50. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші дауыс болады.

51. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

52. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде жасалып, хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесі мүшелеріне қоса берілетін бюллетеньдермен бірге жіберілуі тиіс, оның негізінде осы шешім қабылданды.

53. Директорлар кеңесі өз отырысында қабылданған шешімдер жиналыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жиналысқа төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді және онда:

1) атқарушы органның толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысушы адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

54. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамның архивінде сақталады.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған хаттама мен шешімнің үзінді көшірмесін танысу үшін беруге міндетті.

55. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

56. Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің Заңның және Қоғамның Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімін, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, сотта даулауға құқылы.

15-тарау. Қоғамның Басқармасы

57. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, Қоғамның атынан іс-қимыл жасайды, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді, Қоғамның атынан осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен мәмілелер жасайды, Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті шешімдер шығарады.

58. Қоғам Басқармасы Қоғамның қызметіне ағымдағы басшылық жасайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

59. Басқарма Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті, Қоғамның Жалғыз акционеріне есеп береді және оған жүктелген міндеттерді орындау үшін жауап береді;

60. Қоғам Басқармасының құрылуы, оның өкілеттіктері, оның қызметінің тәртібі және шешім қабылдау, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің кез келгенінің немесе Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Басқарманың Төрағасын қоспағанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Жарғыға және Басқарма туралы ережеге сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

61. Басқарманы Директорлар кеңесі, осы Жарғысының 29-тармағы 9) тармақшасының талаптарына байланысты үш жыл мерзімге тағайындайды.

62. Басқарма бес мүшеден тұрады – осы Жарғысының 29-тармағы 9) тармақшасының талаптарына байланысты Директорлар кеңесі тағайындаған

Қоғам Басқармасының Төрағасы, Басқарма Төрағасының орынбасарлары мен Басқармасының басқа мүшелері.

63. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

64. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

16-тарау. Қоғам Басқармасының құзыреті

65. Басқарманың айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1) Заңнамамен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының, Басқарма Төрағасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғаммен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

2) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің онға дейін проценті болатын шамаға көбейту;

3) ірі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау, соның нәтижесінде компанияның құндылығы компанияның активтері мен мәмілелерінің баланстық құнының онға дейін пайызын құрайтын мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару (сатып алу немесе иелену) ірі мәмілелерді қоспағанда, қорытынды жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды;

4) екінші деңгейдегі банктерде шот ашу және Қоғамның қаражатын орналастыру туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына олардың құзыретіне сәйкес Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы ұсыныстарды, сондай-ақ Жалғыз акционердің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде алынған акциялар мен акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстарды ұсыну;

6) өз құзыреті шегінде Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он пайызына дейін сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;

7) Директорлар кеңесіне ұсынылғанға дейін жыл сайынғы және аралық қаржы есептілігін қарау және бекіту;

8) Қоғамның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу;

9) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің бірінші басшыларын және өзге де басшыларын Қоғамның Жарғысына сәйкес және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте тағайындау;

10) Қоғамның штат кестесін, лауазымдық жалақыларының бірыңғай тарифтік кестесін, кадрлық саясатты, Қоғамның ішкі тәртібін (жұмыс режімін) реттейтін құжаттарды бекіту;

11) Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және басқа көтермелеу сыйлықтарын беру туралы ережені бекіту (Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда);

12) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдау;

13) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекіту;

14) Қоғамның акциялары үшін төленетін немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау кезінде бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін келісу;

15) Қоғамның ішкі қызметіндегі өндіріс мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмегін көрсету туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның Даму жоспарын әзірлеу және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну;

18) Қоғамды дамыту жоспарын, оны іске асыру бойынша жауапкершілікті, сондай-ақ Қоғамның Даму жоспарын іске асыру туралы Директорлар кеңесіне жыл сайын есеп беруді жүзеге асыру;

19) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның дивиденд саясаты туралы ұсынымдарды дайындау, Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау туралы ұсыныстарды қарау, бекіту және ұсыну;

